

Т.О.ӨСЕРОВ

ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ КӨНЕ ЗАМАН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

В статье делается обзор истории исследования крепостям и курганам дающим сведения о бронзовых и железных веках – памятников древних и старых времен в окрестностях Туркестана.

Makalede Türkistan bölgesindeki proto ve eski çağ abidelerinin araştırılma tarihi değerlendirilir.

Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Түркістан ауданы – тарихи ескерткіштерге бай өңірлердің бірі. Осы өңірдің негізгі тарихи-археологиялық ескерткіштерінің басым бөлігін қола және темір дәуірінен дерек беретін қорған-обалар құрайды. Қаратаудың шатқалдарында тасқа салынған суреттер және өзенаралық, тауаралық жазықтар мен адырларда ерте темір кезеңіне жататын тастаң, тас аралас топырақтан үйілген оба қорымдары кездеседі.

1906 ж. топограф М.А.Кирхгоф Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Бесарық шатқалында яшмадан жасалынған жебе оғы мен тасқа салынған сурет орнын тапты. Кейіннен осы ескерткіштер туралы толық сипаттаманы И.Г.Пославский өз мақаласында жариялайды [1].

1969-1972 жылдары М.Қ.Қадырбаевтың жетекшілігімен Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Қаратау өңірінің ерте көшпенділері ескерткіштерінің екі түрін: обалар қорымы мен тасқа салынған суреттерді зерттеді (1-сурет). Обаларды зерттеу тобы өз жұмысын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Түркістан-Шолаққорған бағытында, шығыстан батысқа қарай Шолаққорған-Дәуіт тауы (Қаратаудың солтүстік-батыстағы бігер жері) бағытында жүргізген. Жалпы экспедицияның бұл кезеңдегі зерттеу жұмыстары Түркістан оазисі және оған іргелес жатқан аудандардың қола және ерте темір дәуіріндегі тарихы мен мәдениетін кешенді түрде зерттеудің бастамасы болды және ол ерте көшпенділерге қатысты үлкен маңызға ие мағлұматтар берді [2].

1969 жылы Оңтүстік Қазақстан экспедициясының Оңтүстік Қаратау тобы (А.Г.Максимова) Ойық ауылынан солтүстік-шығыста, шағын тауалды қыраттарда орналасқан Ойық қорымында қазба жұмыстарын жүргізген. Қазба жұмыстары барысында алынған деректердің негізінде бұл ескерткіштерді б.з.І м.ж.І-ші жартысы деп мерзімдеген [3].

1973 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының тобы (Б.Нурмуханбетов) Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Ермексеу, Құмайлықас, Баялдыр өзендерінің бойында зерттеулерін жүргізген [4].

1975-1980 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Бесарық обаларды зерттеу тобы (С.М.Ақынжанов., А.К.Ақышев) Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейінің ерте көшпенділері ескерткіштерінде зерттеу

жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары Тұрлансай, Байылдыр, Шылбыр, Иқансу сияқты өзендердің бойындағы су қоймаларының құрылысы жоспарланған аудандарында, Кентау қаласы аймағындағы барлық шатқалдарда, Бесарық өзені алқабында, Қаратаудың солтүстік беткейінде жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өңірдің ерте көшпенділеріне қатысты Бесарық шатқалындағы Бүркітті, Қобланды, Тұрғанбай, Алтысу, Егізқара, сондай-ақ Иқансу обалар қорымдары ашылып есепке алынды, қазба жұмыстары жүргізілді. Археологиялық қазба жұмыстары қорымда орналасқан қорғандарда ішінара таңдалып жүргізілген. Ғалымдар зерттелген қорғандарды жерлеу рәсіміне қарап (мәйіттердің басы батысқа қараған) және табылған археологиялық табыстарға (қыш ыдыстар мен темір пышақтар) сүйеніп б.з. I-III ғғ. жатқызған [5].

1998-2001 жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің археологиялық экспедициясының петроглифтерді зерттеу тобы (Д.Ф.Винник, С.С.Мурғабиев) Қаратау жотасының Түркістан ауданына, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты аймақтарда 20-дан астам петроглифтердің ірі орындарын анықтап, Жыңғылшық, Майдантал петроглифтерін жан-жақты зерттеді және оларға қосымша бірнеше сурет орындарын ашып, ғылыми айналымға енгізді [6].

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы мен Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық институтының Түркістан археологиялық экспедициясы 2000 жылы Шойтөбеден оңтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан алып құм төбеде барлау жұмыстарын жүргізген. Археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында бұл ескерткіштің қола дәуірінде қалыптасқандығы дәлелденді. Шербай қорымы жалпы аумағы 52,5 гектар жерді алып жатқандықтан, қорымды үш бөлікке бөліп, батыс бөлігін Шербай I, солтүстігін Шербай II, шығысын Шербай III деп қарастырған. Негізгі археологиялық зерттеу жұмыстары Шербай I бөлігінде, (жалпы саны 17 қабір) жүргізілген. Зерттеу жұмыстары олардың екеуі (№4,13) Қауыншы мәдениетінің III-кезеңіне, екеуі (№7,16) ерте темір дәуіріне, он екісі Андронов мәдениеті тарихи-мәдени қауымдастығы кезеңіне жататындығын дәлелдеген.

Зерттеушілер қорымда жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған қола дәуірінің ыдыс-аяқ пен металл бұйымдарын зерттей келе б.з.д. XVII-XIV ғғ. жататындығын анықтаған [7].

2004 жылы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығының Тұран археологиялық экспедициясы (М.Елеуов) Түркістан ауданының археологиялық картасын жасау мақсатында археологиялық барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында Түркістан ауданының Жаңа Иқан, Шаға, Оранғай, Қарнақ, Жүйнек, Бабайқорған ауылдық округтерінің жерінен бұрын есепке алынбаған 132 топтан тұратын жалпы саны 2080 обалар мен обалар қорымы ашылып есепке алынған [8].

2004-2005 жж. аралығында аталған экспедиция Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарында барлау жұмыстарын жүргізген. Археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан

«мұртты обаларды» есепке алып, жобасын түсірген. «Мұртты обалар» Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі тау және тауалды жазықтарында орналасқан [9].

2009 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қаржыландыруымен құрылған Жүйнек археологиялық барлау отряды Шипан қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары бұл қорымның қола дәуірінің Алакөл кезеңіне - б.з.д. XV-XII ғғ. жататындығын анықтады [10].

2011 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының «Археология және ескерткіштерді қорғау» бөлімі мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейінің қызметкерлері (т.ғ.к. Ә.К.Ақышев., т.ғ.к. М.Қ.Тұяқбаев., Х.Айтқұл., Т.О.Өсеров.) Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Майдантал ауылдық округіне қарасты Талдысу алқабында археологиялық қазба және барлау жұмыстарын жүргізді.

Талдысу алқабында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде бұл алқапта әр-түрлі тарихи кезеңдердің (б.з.д. VI ғасырдан бастап - б.з. X ғасыр) аралығындағы қорымдары орналасқандығын көрсетті [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бақтыбаев М.М. Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштерін есепке алу// Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері «Ежелгі дәуір және ортағасырлар» атты халықаралық конференция материалдары. Түркістан, 2006.108-117-бб.
2. Кадырбаев М.К., Марьяшов А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата: Наука, 1977. С.9 (С.232).
3. Максимова А.Г. Курумы хребта Каратау. Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973. С.156-165.
4. Нурмуханбетов Б. Раскопки погребальных памятников в Южном Казахстане Археологические открытия 1973 года. Москва, 1974. С.74.
5. Акишев А.К. Работы в зоне затопления Ойыкского водохранилища. Археологические открытия 1979 года. Москва, 1980. С.427.
6. Мұрғабаяев С. Қаратаудың оңтүстік бөктеріндегі тасқа салынған суреттер «Марғұлан оқулары-14». Алматы, 2002. 165-169 бб.
7. Тұяқбаев М.Қ. Қола дәуірінен жеткен ескерткіш// Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабаршысы. Түркістан, 2002. №3. 82-85-бб.
8. Әлжанов Р.І. Түркістан оазисіндегі обалар қорымын зерттеудің кейбір мәселелері. Ясауи университетінің Хабаршысы. №5 (қоғамдық ғылымдар сериясы). Түркістан, 2005. 127-133 бб.
9. Әлжанов Р.І. Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі «мұртты» обалар. «Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері Ежелгі дәуір және ортағасырлар» атты халықаралық конференция материалдары. Түркістан, 2006. 68-73-бб.
10. Өсеров Т.О. Шипан қорымы - қола дәуірінің ескерткіші «Хан Кененің қасиетті мұраты» атты халықаралық конференция материалдары. Түркістан, 2010. 251-256-бб.
11. Өсеров Т.О. Қаратау археологиялық отрядының 2011 жылы Талдысу алқабында жүргізілген зерттеулері. Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп (қолжазба). Түркістан, 2011.

REZUME

T.O. OSEROV (Turkistan)

THE HISTORY OF RESEARCH WORK OF THE EARLIER AND ANCIENT ERAS MONUMENTS ON THE TERRITORY OF TURKISTAN

In this article is written about the historic research work of the earlier and ancient eras monuments, and the research work of fortress of barrows in the bronze and stone ages on the territory of Turkistan.